



7 қаңтар, бейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай, қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Қазақстан Республикасының Президенті

Бағдар мен белес

Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққанда әрбір саналы азаматты «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырады анық. Осы тұрғыдан алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет.

Тәуелсіздіктің отыз жылын шартты түрде үш онжылдық белеске бөліп қарастыруға болады. Оның әрқайсысы атқарған миссиясы тұрғысынан ғасырдың жүгін аркалап тұр.

Мен азаттықтың алғашқы онжылдығын жана Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі деп атар едім. Осы уақытта Елбасының басшылығымен мемлекеттіміздің нышандары белгіленіп, білік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата Заңымыз қабылданды. Шет елдермен дипломатиялық қатынас орна-тылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды.

«Қазақстан – 2030» стратегия-

сын қабылдадық. Шығыстағы көршімізбен шекарамызды бекіттік. Басқа да іргелес мемлекеттермен шекара жөніндегі келіссөздер қарқынды жүргізіле бастады. Ел аумағын ядролық қарудан толық тазарттық. Елордамызды Арқа төсіне көшірдік. Нарықтық экономикаға өтіп, жекеменшік институтын берік орнықтырдық. Отандық бизнестің негізін қаладық. Жастар әлемнің маңдайалды оқу орындарында білім ала бастады. Түрлі дағдарыстардан аман өтуге мүмкіндік берген Ұлттық қорымыз құрылды. Дүние жүзіне тарыдай шашылған қазақ баласын атажұртқа шақырып, Ұлы көшке жол аштық. Соның нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді.

Екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі. Осы жылдарда мемлекетіміздің тұғыры нығайып, экономикалық әлеуетіміз арта түсті. Құрлықтағы барлық шекарамызды айқындап, заң жүзінде бекіттік. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендедік. Солтүстік Аралды құтқарып, қашқан теңізді қайтардық. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім



шаралары кеңесінің саммиттерін өткізуге және басқа да бірқатар маңызды халықаралық жобаларға бастамашы болдық. Елімізге шетелден қомақты инвестиция тарттық. Есідің жағасында бой көтерген еңселі елордамыз ұлттық идеямызға айналды. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық дәлізі сияқты ірі инфрақұрылымдық жобалар қолға алынды. Тұрғын-үй құрылысы да бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамыды.

Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Шекара мәселесін біржола шештік. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуы межелдік.

Әр бағыт бойынша «Үдемелі индустриялық-инновациялық даму», «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» сияқты ауқымды бағдарламалар жүзеге асырылды. Саяси және экономикалық реформалармен қатар рухани жаңғыруға баса мән бердік.

Осынау толағай табыстардың бәріне Елбасының дара көшбасшылығының һәм халқымыздың даналығы мен парасатының, бірлігі мен ынтымағының, отандастарымыздың қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткіздік. Сондықтан, Елбасы Тәуелсіздігіміздің мәңгі символына айналды десек, ақиқатты айтқан болар едік.

Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жана болмысын қалыптастыруымыз қажет.

2-бет

МЕЗГІЛІНДЕ ТУҒАН МАҚАЛА

Жұтынып тұрған жаһандану заманында ат арқасынан ауып қалмай, қайта жаңғырған қазақ мемлекетінің азаттығын баянды ету – әрбіріміз үшін аса маңызды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл басында жаңашыл сипатта сарабалд сөз түзген мақаласы қоғамға осындай құнарлы ой салып отыр.

**Қуат ШАРАБИДИНОВ,
«Сыр бойы»**

Президент айтқандай, «Отыз жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекеттігімізді нығайта түсу үшін тағы не істейміз?». Осы тұрғыда отыз жылдың онжылдықтар легі келісті кескінделген мақалада «Бағдар мен белес», «Таным мен тағылым», «Қоғам мен құндылық», «Ұлағат пен ұстаным» айдарлары айрықша мәселелерді алға тартады. Мұнда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың дара көшбасшылығы ерекше атап өтілді.

Мақалада қазіргі қоғамның беталысы дәлдікпен сипатталған. Ең бастысы, Мемлекет басшысы айтқандай: «Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез келген істе әділдік қағидатын басшылыққа аласақ, бұған анық қол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарту түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімінің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ».

«Таным мен тағылым» айдарына арқау болған ой өзегі де өте әсерлі. Тәуелсіздікпен бірге түлеген буынның санасы, көзқарасы, өмір салты өзгеше. «Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола шегеленіп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білугі керек».

Мемлекет басшысы ұлт тарихы, ұрпақ тәрбиесіне қатысты қызықты әрі сын пікірді де келісті келтірді. Соның ішінде бір ғана кино әлеміне қатысты шынайы көріністің шындығы айтылды. Бұл ретте: «Мысалы, деректі және көркем фильмдерді алайық. Осы бағытта «Алмас қылыш», «Жаужүрек мың бала», «Томирис», «Кейкі батыр», «Тар заман» сияқты тарихи фильмдер түсірілді. Бірақ бұл әлі жеткіліксіз».

Мен құзырлы органдар мен отандық телеарналарға мемлекеттік тапсырыстың белгілі бір бөлігін міндетті түрде тарихи тақырыптарға бағыттауды тапсырамын. Әрине, қаржы мәселесі шешілуі керек. Дегенмен, көп қаражат жұмсамай да жоғары деңгейдегі өнер туындысын түсіруге болатынын қырғыз бауырларымыз «Құрманжан датқа» фильмі арқылы анық көрсетті» деді Президент.

Қоғамда әралуан пікір тудырып, базбіреулердің жалаң ұранына айналып келген ең маңызды һәм қастерлі – жер мәселесіне осы жолы нақты байла-м жасалды. Қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Сонымен:

«Жерге байланысты біріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз сана-сына беріп сіңіруі қажет. Келесі жылы Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі аяқталады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату – өте маңызды мәселе. Сондықтан, биыл Жер мәселесі жөніндегі комиссияны құрып, соның аясында бір байлама келген жөн».

Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын. Бірақ біз соны бағалай білеміз бе?! Жер қадірін білу жалаң ұранмен өлшенбейді. Өкінішке қарай, асқар тауларымыз бен айдын көлдерімізді, ұлан-ғайыр даламызды ластан жатқан да өз азаматтарымыз. Көкжайлауға от жағып, коқыс ша-шып кеткен де, Көбейтудың батпағын шелекпен тасып, көлдің ортасында көлікпен ойқақтаған да солар. Бір тұтам мүйіз үшін көзін мөлдиретіп киіктерді қырған да өзгелер емес. Қасиетті жеріміздің киесінен қорықпай, жат жұрттың да қолы бармас әрекеттерді жасап отырып, қалайша осы мекеннің иесіміз деп кеуде соға аламыз? Бұл – ащы да болса, шындық», деп шегеледі Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қысқасы, Мемлекет Басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласы жарыққа шыққаннан бастап ерекше қолдау мен жан-жақты пікір алмасуларға негіз болып отыр. Облыстық «Сыр бойы» газеті де қоғамның белсенді өкілдерінің пікір-наймайын насихаттауға ниетті. Оның бір парасы сенбі күні жарияланатын «Талқы» айдарына арқау болмақ.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖҰМЫСШЫ МҮДДЕСІНЕ НЕМҚҰРАЙЛЫ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Төреәхмет Жолымбетов пен облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гаухар Қалмақованың есебін тыңдап, өткен жылы атқарылған жұмыстарды саралады.



Төреәхмет Жолымбетовтің айтуынша, басқарма қызметкерлері кәсіпорындар мен мекемелерге 134 тексеру жүргізіп, 188 заңбұзушылықты анықтаған. Нәтижесінде заң бұзған жұмыс берушілерге 30 әкімшілік шара көріліп, 3 млн теңгеден астам айыппұл салынған.

Өткен жылы кәсіпорындар мен мекемелерде орын алатын жазатайым оқиғалар 38%-ке, осы жағдайлардан қаза болу дерегі 39%-ке азайған.

Ал, басқарма басшысы Гаухар Қалмақованың мәлімдеуінше, өткен жылы 38 кәсіпорында 309 адам қысқартылса, 89 адам өзге жұмысқа орналастырылған. Жұмысынан айырылуына байланыста 64 адамға төлемакы тағайындалып, 3 адам өз кәсіптерін ашу мақсатында несие алған.

Жұмыс орындарын сақтап қалу және әлеуметтік шиеленістердің алдын алу мақсатында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы 3208 кәсіпорынмен ынтымақтастық туралы меморандум жасасқан.

Жыын соңында облыс әкімі басқарма басшыларына жұмыскерлердің жағдайын жіті қадағалау қажеттігін жеткізді. Кәсіпорындардағы әлеуметтік шиеленістердің алдын алу бағытында бірқатар тапсырма берді.

– Өңірдегі кей кәсіпорындардың, әсіресе, шетелдік компаниялардың жұмыскерлері өз басшыларымен жиі жүздеспейді. Нәтижесінде қызметкерлер өздерінің мәселелерін тікелей басшыларына жеткізе алмай, әлеуметтік шиеленістер орын алып жатады. Сондықтан кәсіпорын басшыларына түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, олардың жұмысшылармен кездесіп тұруына ықпал етіңіздер, – деді облыс әкімі.

ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ МІНДЕТТЕРДІ АЙҚЫНДАЙДЫ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова экономиканың негізгі секторларында басты көрсеткіштерді айқындайтын 2021 жылдың Іс-қимыл жоспарына арналған жиын өткізді. Аймақ басшысы 2021 жылы өңірдің экономикалық табыс деңгейін арттыруға арналған нақты жоспар бойынша маңызды жоспарларды саралады деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Жиында облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Нұрғали Қордабай биылғы жылы іске асатын маңызды жобалар мен басым бағыттар бойынша алдағы

жоспарларды тізбеледі. Бұдан былай көрсеткіштердің орындалуы бойынша ай сайын жоспар қойылып, басқарма басшылары межеленген көрсеткіштердің орындалуы бойынша есеп береді.

Облыс әкімінің Іс-қимыл жоспар жобасы экономика салаларының басты индикаторларын айқындайтын 6 негізгі бағыттан тұрады. Жоспар 2021 жылы бюджеттік және бюджеттік емес қаржылардан жүзеге асырылуы жоспарланған негізгі іс-шараларды қамтиды.

Алдағы кезеңде негізгі тірек салалар бойынша жобалар іске асып, маңызды құрылыс нысандары салынады. Инвестиция тарту, ауыл шаруашылығы өнімдерінің

үлесін арттыру, өңдеу өнеркәсібі саласын дамыту бағытында бірқатар жұмыстар іске асады. Адами капитал сапасын арттыруға арналған жобалар қабылданып, білім, медицина, мәдениет, спорт салаларында түрлі бастамалар жүзеге асады.

Жиында облыс әкімі орынбасарларына жоспарға енген әрбір жұмыстың орындалуы, нақты индикаторлық көрсеткіштерді кешенді түрде іске асыру міндетін жүктеді.

«ҚАРА АЛТЫН» ҮЛКЕН САЯСАТҚА АЙНАЛДЫ

Өткен 2020 жыл әлемде мұнай өндіруші елдер үшін ауыр кезең болды. Жылдың алғашқы айларында мұнайдың бағасы барреліне 20 долларға дейін төмендеді. Қалыптасқан күрделі жағдайдан шығу үшін әлемнің мұнай экспорттаушы және оған енбейтін елдер ұйымы (ОПЕК) бас қосып, өнім өндіру көлемін күрт қысқартуға уағдаласты. Белгіленген квота жыл аяғына дейін сақталды. Нәтижеде мұнай бағасы біршама көтерілді. Қазір ол «Brent» маркасы бойынша барреліне 53 доллар құрайды.

**Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»**



Әрине, бұл орайда басты мәселені атап өтпеске болмайды. Қазір «қара алтын» үлкен саясатқа айналды. Ресейді қыспаққа алған АҚШ оны шикізат саласындағы үстемдіктен айыруды көздейді. Дегенмен, нарықтың өз заңдылығы бар. Әзірге бұл қысымнан айтарлықтай нәтиже шыға қойған жоқ. Себебі бағаның төмен болуы АҚШ-тың өз өндірісшілеріне де тиімсіз.

Әлемдік сарапшылар қазірдің өзінде 2021 жылы мұнайға қатысты сұраныс өседі деген болжам айту-да. ОПЕК-тің бас хатшысы Мухаммед Баркинді өткен жексенбіде мұнайға сұраныстың тәулігіне бірша-

ма өсіп, 95,9 млн баррелге жеткенін мәлімдеді. Мұнайдың бағасы дәл қазір қанағаттандырылдық. Яғни көп-шілікке қолайлы. Бұл орайда жана жылдан бастап оның көлемін арттыру қажет деген тағы ұсыныстар айтылу-да. Бірақ ұйым мүшелерінің пікірлері бір-біріне қарама-қайшы. Сол кешегі басқосу-да бізге жеткен мәліметтер бойынша Ресей, Қазақстан және Біріккен Араб Әмірлігі мұнай өндірісін біртіндеп артты-ру қажеттігін айтса, Сауд Арабиясының принципі оның көлемін ұлғайтуды үзілді-кесілді талап етті.

Әзірге барлығының мүд-десіне сай келетін шешім қабылданған жоқ. Ресей-дің вице-премьері Алек-сандр Новактың пікірінше, ұйым мүшелері қалыптас-қан жағдайға талдау жа-сай отырып, оның қоры-тындысымен әр ай сайын мұнай өндіру квотасын белгілеуді ұсынды. Ресейдің премьер-министрінің орын-басары әлемде қалыптас-қан жағдайдың әлі тұрақ-танабағанын мәлімдеді. Қазір нақты шешім қабыл-дауға ерте. Себебі корона-вирус дертінен әлем толық арылған жоқ. Шектеулер экономиканың тұрақты да-муына кедергі келтіреді. Бұл пікірді мұнай өндіруші елдердің бірқатар басшыла-ры да атап көрсетті.

Ресей шенеунігінің пі-кірінше, мұнай өндірудің квотасына ай сайын өз-герістер енгізу қажеттігі туындайды. Негізінен 2021 жылы мұнайға деген сұраныс тұрақталады. Бұған көптеген елдерде халықты коронави-рустан егу жұмыстарының бедел алғаны дәлел бола ала-ды. Экономика тұрақтанған жағдайда мұнайға деген сұраныс өздігінен артады.

Тұрақсыздық мына жағдайдан көрініс беру-де. Қазір әуе көлігінің ір-кілісі байқалады. Әлемнің көптеген елдері шекарала-рын жабу-да. Ұшақ ұшпаған елдердің мұнайға деген сұ-ранысы күрт төмендеп кетті. Сол сияқты қатынас құрал-дарының барлығының қыз-меті шектеулі. Сондықтан сарапшылар экономика тұ-рақталуды деген пікірге сак-тықпен қарау қажеттігін ескертті.

Қазақстан – мұнайлы ел. Бюджеттің негізі мұнай кі-рісіне тәуелді. Бірақ сарап-шылар экономикадағы қайта құрулардың оған деген тәуел-діліктің біртіндеп азайғанын айтады.

Әлбетте, бұл – жақсылық-тың нышаны. Экономиканың өңдеу саласы бұл бағытқа үлкен серпін бере алар еді. Қазірдің өзінде тиісті буында нақты жұмыстар атқарылуда.



ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Кез-келген істе әділдік қағида-тын басшылыққа алсақ, бұған анық кол жеткіземіз. Мысалы, тұрғындардың тұрмысын жақсарту түспесек, еліміздің жетістіктері мен халықаралық табыстарын мақтан ету артық. Азаматтарымыз экономикалық өсімінің игілігін сезіне алмаса, одан еш қайыр жоқ. Мен әрбір шешімді қабылдап сәтте осы ұстанымды басшылыққа аламын. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Менің ұғымымдағы әділетті мемлекет дегеніміз – осы.

Тарихқа көз жүгіртсек, әр буын белгілі бір сынақты басынан өткереді. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді.

Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздалық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Бірақ, ұлт пен ел ретінде сақталып қалу үшін бүгінгі және болашақ ұрпақ жаңа сын-қатерлерге дайын болуы керек.

Қазіргі пандемия және соның салдарынан туындаған дағдарыс бүкіл әлемнің бұрын болмаған жаңа сынақтармен бетпе-бет келіп отырғанын анық көрсетті. Экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, биологиялық және басқа да қатерлерге қоса, жер жүзіне жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келеді. Жаһандан кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін анғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының ұлануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан, жаңа заманның жақсы-жаманын екішп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркеніеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден-бір кепілі.

Таным мен тағылым

Бүгінде Тәуелсіздік құрдастары ойы толысқан отыз жасқа толды. Егемен елде дүниеге келіп, өсіп-жетілген олардың санасы сергек, көзқарастары да, өмір салттары да өзгеше. Тіпті, Тәуелсіздікті ешбір дәлелді қажет етпейтін аксиома деп біледі. Бұл – егемендік ұғымы жастардың санасына берік орныққанын көрсететін қалыпты құбылыс. Бірақ Тәуелсіздік құндылығы жадына біржола ішегеніп, мәңгі сақталуы үшін өскелең ұрпақ оның қадірін білуі керек.

Бостандық бізге мамандарының келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс.

Кезінде «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлт шежіресін түгендеуге жол ашты. Отандық тарих ғылымы тың серпінмен дамып, түрлі бағыттар бойынша көптеген зерттеу жүргізілді. Бұрын бәймәлім болған қаншама тарихи деректер, археологиялық қазыналар табылды. Тарихымыз сан мың жылдан тамыр тартатынын айғақтайтын жаңалықтар ашылды. Елбасының осындай іргелі бастамалары халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға зор үлес қосты. Бағдарлама аясындағы еңбектер том-том болып жарыққа шықты. Дегенмен, сол қажыры еңбектің жемісін көпшілік көріп отыр ма? Зерттеу жобаларының біразы ғылыми институттар мен орталықтардың аясында ғана қалып қойған жоқ па?

Мұндай іргелі ізденістердің нәтижесі тек осы сала мамандарының игілігіне ғана айналуы орнысоз. Оны қалың жұртшылыққа тінсінікті және қолжетімді ету қажет. Өйткені тарихшылардың ғана емес, барша жұрттың, әсіресе, жас ұрпақтың тарихи санасы айқын әрі берік болуға тиіс. Бұл ретте, ауқымды көрмелермен немесе басқа да үлкен жобалармен әуестенбей, балаларға, жастарға арналған қарапайым әрі қабылдауға жеңіл туындыларға баса мән берген жөн. Мысалы, деректі және көркем фильмдерді алайық. Осы бағытта «Алмас қылыш», «Жаужүрек мың бала», «Томирис», «Кейкі батыр», «Тар заман» сияқты тарихи фильмдер түсірілді. Бірақ бұл әлі жеткіліксіз.

Мен құзырлы органдар мен отандық телеарналарға мемлекеттік тапсырыстың белгілі бір бөлігін міндетті түрде тарихи тақырыптарға бағыттауды тапсырамын. Әрине, қаржы мәселесі шешілуі керек. Дегенмен, қол қаражат жұмсамай да жоғары деңгейдегі өнер туындысын түсіруге болатынын қырғыз бауырларымыз «Құрманжан датқа» фильмі арқылы анық көрсетті.

Бүгінде әлемдік киноиндустрия-

да тарих тақырыбындағы сценарийлерге сұраныс жоғары. Американың да, Еуропаның да айтулы оқиғалары туралы фильмдер өте көп. Қазір Netflix, HBO және басқа да алауыт кинокомпаниялар Азияға бет бұруда. Осы орайда біздің де шежіремізде ауқымды фильмдерге арқау болатын маңызды белестер мен оқиғалар баршылық. Мысалы, әлемдегі ең қуатты империялардың бірі болған Алтын орда тарихы дайын тұрған жоқ па?! Бұл мәселеге болашақта кино саласының мамандары баса назар аударғаны жөн.

Көркем және деректі тарихи туындыларда мемлекеттілік және мемлекетшілдік идеясы әрдайым көрініс табуы қажет. Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды.

Тәуелсіздігіміздің мерейтойы аясында осындай біртұар тұлғаларды еске алып, олардың мұрасын жастарымызға және бүкіл әлемге паш етуіміз керек. Сонымен бірге, осы тақырыпты зерттеп жүрген ғалымдар мен жазушылардың да еңбегі қолдауға ие болуы және бағалануы қажет. Алаш арыстарының асыл мұрасын игеру жалғаса беруге тиіс.

Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлденеше есе көп болар еді.

Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті, ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек.

Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстаныммен жүргізген дұрыс. Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тұра бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек.

Біз жыл соңына дейін жаңа тарихымыздағы бірнеше айтулы оқиғаның мерейлі белесін атап өтеміз. 1991 жылы Семей полигоны жабылды. Оның еліміз ғана емес, барша адамзаттың болашағы үшін айрықша маңызды шешім екенін ескеріп, арнайы іс-шара өткізу қажет деп санаймын. Елбасы қол қойған Жарлықтың арқасында Қазақстан бүкіл дүние жүзіне ядролық қару-жараққа қарсы әлемдік қозғалыстың көшбасшысы болып танылды, алып мемлекеттердің сеніміне ие болды, халықаралық қоғамдастықта жауапкершілігі жоғары ел ретінде мойындалды.

«Өткен күннен алыс жоқ, келер күннен жақын жоқ» дейді халқымыз. Кешегі өткен хандар мен қағандардың дәуірі ғана емес, соңғы отыз жылдағы жасампаздық жолымыз да бүгінде тарихқа айналып, күн сайын аластап барады. Азаттық таның өз көзімен көрген алдыңғы буын болмаса, кейінгі жастар өткен ғасырдың 90-жылдарындағы тарихи оқиғалардың тереңіне бойлап, мәнін жете түсіне бермейді. Тәуелсіздікке тағдырдың бере салған сыйы ретінде қарайды. Шын мәніндегі ахуал олай емес.

Елбасы сол кездегі саяси, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық және басқа да жағдайларға байланысты жеті рет емес, жетпіс рет өлшеп, бір рет кесуге мәжбүр болды. Біз тығырықтан шығар жолдың сыңайлауы да көрінбейтін қиын күндерден қаттысы пен қантөгіске ұрынбай аман шығып, ешкімге есемізді жібермей, жаңа сипаттағы Қазақ мемлекетін құрдық. Бүгінгі және болашақ ұрпақ мұны әрдайым біліп отыруы керек. Сол үшін Қазақстанның жаңа тарихын да жүйелі зерттеген жөн.

Шынына келсек, Тәуелсіздік жылдарында бірнеше рет қолға алынғанына қарамастан, ұлттық мүддемізге сай келетін көп тоқымдық жаңа тарихымыз әлі толық жазылған жоқ. Оның тұжырымдамасын бұған дейінгі олқылықтарды ескере отырып қайта қарап, жаңа ғылыми ұстанымдар мен жаңалықтардың негізінде тыңнан жазатын уақыт әлдеқашан келді. Барлық оқулықтар осындай іргелі

еңбекке негізделіп әзірленеді. Бұл – ұлт шежіресін дәріптеу тұрғысынан алғанда стратегиялық маңызы бар мәселе. Сондықтан, Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазуды дереу бастау керек. Түптеп келгенде, тарихи сананы жаңғырту мәселесінің түйіні – осы. Бұл іске беделді тарихшыларымызды тарту қажет.

Сонымен қатар, шетел аудиториясына арналған Қазақстанның қысқа тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуды ұсынамын. Бұл – қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын әлемге танытудың бірден-бір жолы.

Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихына өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетеімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылуын шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға мүмкіндік береді.

Қоғам мен құндылық

Егемендігіміздің мәңгілік ұштағаны – Алтайдан Атырауға, Алатаудан Арқаға дейін кең қосылған байтақ жеріміз, аныан ақ сүтімен бойымызға дарыған кастерлі тіліміз және барлық қиындықтардан халқымызды сүріндірмей алып келе жатқан береке-бірлігіміз. Біз осы үш құндылықты көздің қарашығындай сақтаймыз.

Балалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Қазаққа осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен емес 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сак дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр. Жалпы, тарихпен саясаткерлер емес, тарихшылар айналысуы керек.

Шекара сызығын ресми түрде халықаралық шартпен бекітіп, оны әлем жұрттының мойындауы соңғы бірнеше ғасырда үрдіске айналды. Оған дейін қазіргідей делимитация, демаркация деген ұғымдар болмаған.

Біз шекара мәселесін шешумен нақты айналысып жатқан кезде кейбір саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері «біз бұған асықпайық», «кейін де келісуге болады» деп арқаны кенге салғысы келгені есімде. Келіссөздерді табандылықпен жүргізіп, іргемізді дереу қымтап алғанымыз өте дұрыс болғанын уақыттың өзі дәлелдеп берді. Қазір кім не айтса да, біздің екіжақты келісімдермен бекітіліп, халықаралық деңгейде танылған шекаралық бар. Енді оған ешкім дауласа алмайды.

Аумақтық тұтастығымызға күмен келтіріп, тату көршілік қатынастарға сына қакқысы келетін кейбір шетел азаматтарының арандатушылық іс-әрекеттеріне ресми және қоғамдық деңгейде тойтарыс бере отырып, ағартушылық жұмыстарын ұстамдылықпен жүргізген жөн. Біз ұлттық мүддені аспен де, таспен де қорғауға дайын болуымыз қажеттігін тағы да баса айтқым келеді.

Жоғарыда айтқандай, шекаралық толығымен шегенделді. 2018 жылы Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылғанынан кейін құрлықтағы ғана емес, теңіздегі шекаралық да біржола айқындалып, түпкілікті шешілді.

Қазақстан – біртұтас мемлекет. Еліміз өңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс деп бөлінбейді. Бұл – тек бағытты білдіретін шартты атаулар. 2018 жылы Елбасының Жарлығымен Өңтүстік Қазақстан облысына Түркістан атауы берілді. Тарихи әділдікті қалпына келтірген орынды шешімді халық бірауыздан қолдап, өте жылы қабылдады. Өйткені, мұндағы шежірелі шаһар ғана емес, тұтас өңір көне замандардан бері Түркістан деп аталған. Осы игі үрдісті еліміз бойынша жалғастыруға болады. Біз мұндай қадамдарды байыппен жасаймыз.

Жерге байланысты біріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет. Келесі жылы Жер кодексінің жекелеген нормаларына қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі аяқталады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықты игілігіне жарату – өте маңызды мәселе. Сондықтан, биыл Жер мәселесі жөніндегі комиссияны құрып, соның аясында бір байламға келген жөн.

Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын. Бірақ біз оны бағалай білеміз бе?! Жер қадірін білу жалаң ұранмен өлшенбейді. Өкінішке қарай, асқар тауларымыз бен айдын көлдерімізді, ұлан-ғайыр даламызды ластан жатқан да өз азаматтарымыз. Көкжайлауға от жағып, қойыс шашып кеткен де, Көбейтудың батпағын шелектеп

тасып, көлдің ортасында көлікпен ойқастанған да солар. Бір тұтам мүйізі үшін көзін мөлдіретіп киіктерді қырған да өзгелер емес. Қасиетті жеріміздің киесінен қорықпай, жат жұрттың да қолы бармас әрекеттерді жасап отырып, қалайша осы мекеннің иесіміз деп кеуде соға аламыз? Бұл – ашы да болса, шындық. Біз жеріміздің шын жанашыр иесі екенімізді нақты іспен көрсетуге тиіспіз. Ол көшетке қойыс тастамау, көрінген жерге от жақтау сияқты қарапайым нәрселерден бастап, жалпыхалықтық сипаттағы ауқымды экологиялық шаралар арқылы көрініс табуы қажет.

Мұның бәрі тәлім-тәрбиеден басталады. Ата-анасымен бірге ауласына ағаш екпеген, үлкендердің жан-жануарға мейірімін көрмеген, кішкентайынан табиғатты аялауға дағдылданбаған бала өскенде туған жеріне жаны ашымайды. Мәселе экологияда емес – отаншылдықта, заңда емес – санада.

Елі мен жерін сүю үшін жас ұрпақ байтақ Қазақстанның ғажайып жауһарларын білуге тиіс. Батыста Бозжыра мен Шерқала, күңгейде Аксу-Жабағылы мен Сайрам-Өтегі, Жетісуда Хан Тәңірі мен Шарын, Көлсай мен Қайыңды, Қапал-Арасан, Алтанемел мен Бұрхан бұлақ, шығыста Мұзтау мен Шыңғыстау, Марқакөл мен Рахман қайнары, Арқада Бұрабай мен Баянауыл, Ұлытау мен Қарқаралы, теріскейде Имантау мен Айыртау және басқа да көрікті жерлеріміз жетіп артылады. Жер жәннатын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Бәрі өзімізде бар. Жастарға осындай керемет табиғатымызды танытып, оны қадірлеуге баулуымыз керек.

Уақыт ұттырмай қолға алып, дәйекті түрде іске асыратын тағы бір шаруа бар. Халықтың қалалық жерлерге жаппай көшуі салдарынан көптеген ауылдарда, әсіресе, шекара маңындағы елді мекендерде тұрғындар саны күрт азайды. Біз еңбек күші көп өткізетін өңір тұрғындарының солтүстік және шығыс аймақтарға қоныстануына қолайлы жағдай жасап, осы жұмысты назарда ұстаймыз. Бұл – өте өзекті әрі еліміздің қауіпсіздігіне қатысты мәселе. Бұған қоса соңғы жылдарда түрлі себептерге байланысты бәсеңдеп қалған қандастар көшін барынша қолдап, оларды жоғарыда айтылған өңірлерге орналастыруды жандандырамыз.

Бұл екі мәселенің де стратегиялық маңызы бар. Оған кезекті науқан ретінде қарауға болмайды. Жергілікті билік мұндай жұмыстарды жоғарыға көптірген ақпар беру үшін емес, мемлекеттік мүдде және ағайында шынайы жанашырлық тұрғысынан жасауға тиіс.

Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тілімізді дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны еселеп көбейді.

Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарда да, осы мақсатқа жетуіге жағдай жасайтын Ұйымға да байланысты.

Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан, қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн. Оған сұраныс жоғары.

Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Міндеті деп те айтуға болады. Осы орайда мен барша қазақстандықтарға, оның ішінде қазақ тілін әлі жете меңгермеген отандастарыма үндеу тастағым келеді. Жастар ағылшын тілін немесе басқа да тілдерді аз ғана уақытша меңгере алатынын көріп отырмыз. Тұтас буын алмасқан осы жылдарда қазақ тілін үйренгісі келген адам оны әлдеқашан білді шығар еді. Халқымызда «Ештен кеш жаксы» деген сөз бар. Ең бастысы, ынта болуы керек.

Ана тілімізді кенінен қолдану – басқа тілдерге, әсіресе орыс тіліне шектеу қойылуды деген сөз емес. Барша этнос өкілдерінің ана тілін, салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасала берсін. Жастарымыз бірнеше тіл білу өздерінің көкжиегін кеңейтіп, көкірек көзін аятыатын жете түсінгені абзал.

Бізді қай заманда дақындықтардан аман алып келе жатқан басты құдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қандаша ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезінде әртүрлі ұлт өкілдері көптеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде

олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көпэтностық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық. Көптеген шетелдік сарапшылардың елімізге қатысты «Еуразиядағы шырпы тисе лап еткелі тұрған қурай», «failed state» сияқты болжамдарын жокқа шығардық. Бұл жолда тыныштық пен тұрақтылықтың бастауы болған Қазақстан халқы ассамблеясы тиімді жұмыс атқарды. Ешкімді ұлттына қарап, бөле-жарған жоқпыз. Бәрінің өсіп-өнуіне толық жағдай жасадық, бірдей мүмкіндік бердік. Біздің ұлтаралық келісім саясатымыз әлемді мойындатты. Халқымыздың осындай ырыс-ынтымаққа негізделген жарасымын бағалай білуіміз керек. Бұл – кемел келешекке бастайтын бірден-бір дұрыс жол. Сондықтан, ұлтаралық татылық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті. Түптеп келгенде, еліміздігі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз.

Осы орайда, халқымызды біріктіретін ортақ құндылықтарды барынша дәріптеп, ой-санаға берік орнықтыруымыз керек. Мысалы, Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады.

Ұлағат пен ұстаным

Соңғы кезде қазақстандықтардың ел өміріне белсенді араласуға, шешім қабылдау үдерісіне қатысуға ынтасы артып келеді. Менің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамам және Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі – осы сұранысқа тікелей жауап. Оны Ордабасыдағы, Күтебедегі, Ұлытаудағы ұлы жиналдардың заманауи үлгісі деуге болады. Біз қазақтың қанына сіңген қасиет – келелі істі ақылдасып бірге шешу дәстүрін жалғастыра береміз.

Бұл бастамалар азаматтық қоғамды дамытуға негіз болады. Қазіргі шаралар аяқ астынан мәжбүрліктен қолға алынған жоқ. Ол – елімізді демократияландыруға, саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған саясаттың жемісі.

Саяси реформа бір күннің немесе бір жылдың шаруасы емес. Мұны ел іргесін шайқалтпай, береке-бірлігін бұзбай, байыппен және біртіндеп іске асыруымыз керек. Бірақ, реформаны соза беруге де болмайды. Билік халықтың алдындағы өз жауапкершілігін сезінгені жөн. Сол себепті біз ауыл және кент әкімдерін сайлауға көшеміз. Осы арқылы ең төменгі деңгейден бастап жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз. Бұл қадам өзекті мәселелерді тұрғындар мен жергілікті биліктің бірлесіп шешуі үшін қажет. Содан кейін аудан әкімдерін сайлаймыз. Жаңа жүйе өзінің тиімділігін көрсетсе, бұдан да жоғары деңгейдегі әкімдерді сайлайтын боламыз.

Бірақ, саяси жаңғыру барысында асығыстыққа бой алдыруға және жалаң ұранға еріп, мемлекеттік жүйені дағдарысқа ұшыратуға болмайды. Бір сәтте барлығын түбірімен өзгерту ерте әкеп соқтыратынын кейбір елдердің бүгінгі ахуалынан көріп отырмыз. Елімізде, ең алдымен, адамның құқығын толығымен сақтауға негізделген заң мен тәртіп болуы керек. Анархия мен жүгенсіздік жасқылына апармайтыны анық.

Қазақстанның саяси жүйесі заман талабына сай дамып келеді. Мәжіліс депутаттарының биылғы сайлауы – көппартиялы Парламентті орнықтыру жолындағы маңызды қадам. Бізде саяси көзқарастары әртүрлі партиялар бар. Олардың ұстанымдары консервативті, либералды, ұлтшыл, социалист және тағы басқа болуы мүмкін. Бұл – табиғи үдеріс. Саяси плюрализм мемлекетті эволюциялық жолмен дамытуға және нығайтуға мүмкіндік береді. Саяси күштер осындай әруалуан болса да, баршасын біріктіретін және бәріне ортақ құндылық бар. Ол – кастерлі Тәуелсіздік.

Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу.

XXI ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары білім өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен озым ғой демектін бәрі де – ақыматтық» деген.

Тәуелсіздік жылдарында талантымен таңдай қақтырған жас өрендердің тұтас легі өсіп-жетілді. Бүкіл әлемді

аузына қаратқан ғажайып дарын иелері де бар. Олар – Қазақстанның мәдени келбеті, елімізді халықаралық аренада танытып, Тәуелсіздік құндылықтарын жер жүзіне паш ететін рухани елшілерміз, біздің айрықша күшіміз («soft power»). Осындай азаматтарға қамқор болу – мемлекеттің міндеті.

Жаһандану заманында айдай әлем алақандағыдай болып қалды. Талапты ұл-қыздарымыздың жер жүзіндегі кез келген елге барып, білім алуы қалыпты үрдіске айналды. Сонда қалып, қызмет істеп жүргендер де аз

● ПІКІР-ПАЙЫМ

ҰЛАҒАТ ПЕН ҰСТАНЫМ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында жазылған мақаласы осы жылдар аралығындағы мемлекетіміздің жетістіктерін көрсетеді. «Бағдар мен белес», «Таным мен тағылым», «Қоғам мен құндылық» және «Ұлағат пен ұстаным» бөлімдерінен тұратын мақала айтылған көзқарастардың кілт сөзі десек те болады.

Мемлекет басшысы отыз жылды шартты түрде үш онжылдық белеске бөледі. Алғашқы онжылдық белесті еліміздің іргетасын қалау кезеңі деп атап өтіп, жүзеге асырылған шараларға мән береді. Екінші онжылдыққа Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі деп баға беріп, экономикалық әлеуетіміздің арта түскенін, тарихымызға мән бергендігімізді баяндайды. Халықаралық деңгейде атқарылған жұмыстарға тоқталады. Үшінші онжылдықта еліміздің шаңырағы биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналғандығымыз сөз болды. «Қазақстан – 2050» стратегиясы негізіндегі ең басты меже отыз елдің қатарына қосылу туралы айтылды. Алдағы төртінші онжылдықтың жүктейтін міндеті де белгілі болды: қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Қуатты ел болуымыз үшін экономикамыз және қауіпсіздігіміз мықты болуы керек екендігі анық. Әсіресе, еліміздегі тұрақтылыққа нұқсан келтіргісі келетін топтардан абай болуымыз қажет. Сондықтан еліміздің ішкі және сыртқы істердегі бағдарлары мемлекеттің жалпы бағытымен ұштасуы керек.

Таным мен тағылымды дамыту бойынша «Мәдени мұра» бағдарламасы арқылы басталған шаралар кешені «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жоба-

лары арқылы жалғасып жатыр. Бірнеше тарихи фильмдер түсіріліп, тек отандық көрермендерге ғана емес, шетелдіктерге де көрсетілді. Бұл тұста тарихи жадыны қалыптастыратын факторларға мән берген жөн деп ойлаймыз. Аталған бағытта мынадай жұмыстар атқарылғанын дұрыс көреміз: білім беру мазмұнын, стандарттарын, бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу құралдарын, оқу, жұмыс бағдарламаларын және т.б. заманға сай лайықтандыруды жалғастыру керек. Білім беру мекемелерінің заман талабына сай акпараттық ортасын құру, оқытушылар мен мұғалімдердің кәсіби құзыреттілік біліктіліктерін арттыру, ұлттық бірегейлікті сақтау бойынша ғылыми бағыттағы жұмыстарды жалғастыру, ел тұрғындары арасында тарихи жадыны қалыптастыру бойынша жұмыстарды жаңа форматта жүргізудің маңызы зор. Бұқаралық акпарат құралдары тарихи жадыны қалыптастыру процесіндегі әлеуметтік маңызды жауапкершілігін ұстана отырып акпараттар ұсыну, жаңа қазақстандық патриотизм қағидалары бойынша даму даңғылын жалғастыруға баса мән берілуі керек.

Мақалада қоғам мен құндылықтың байланысы айқындалады. Қоғам – адамдардың өзара қарым-қатынастары,



өзара әрекет ету және бірігу түрлерінің ерекшеліктерін білдіретін адамзат қауымдастығы. Әлеуметтік ғылымдарда қоғам стратификациялау тұрғысында қарастырылатынын да айтуымыз қажет. Жалпы қоғамды ұлттық, мемлекеттік, мәдени, аймақтық, өндірістік тәсіл бойынша айқындауға болады. Мемлекет басшысы мақалада Қазақстан – біртұтас мемлекет екендігін айтып, ұлтымызға, мемлекеттік тілімізге ерекше мән береді.

Құндылық – әмбебап түсінік. Мұнда экзистенциалық және сапалық сипаттарды білдіретін заттай құндылықтар мен қоғамдық сананың қағидаларын түсіндіретін субьектілік құндылықтар бар. Құндылық ғылымда, қоғамда бірнеше мағыналарда айтылады, кез келген дүниенің немесе құбылыстың маңыздылығын көрсетеді. Материалдық құндылықтар, рухани құндылықтар ұғымдарын жиі кездестіреміз. Философияда түсінік бел-

гілі бір нысан мен құбылыстардың жеке, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін көрсетеді. Экономикада тұтынушы үшін бір заттың пайдалылығы, маңыздылығы ретінде айтылады. Сондықтан құндылықтар жүйесі түсінігіне ерекше мән берген жөн деп санаймыз.

Халқымыз үшін ұлағат пен ұстаным да маңызды. Мақалада бұл түсініктер елімізде орын алып жатқан саяси реформалармен ұштастырылады. Саяси теорияда саяси жаңғыруға қатысты мынадай құрамдастар туралы айтылады: саяси рөлдер мен институттардың жоғары мамандануымен дифференциалданған саяси құрылымға жуықтау, егемен мемлекет құру бағытындағы саяси жүйенің эволюциясы, іс-қимыл аясын кеңейту және мемлекет пен азаматтарды біріктіретін заң шығару өрісінің рөлін күшейту, саяси және азаматтық құқықтары бар азаматтар санының өсуі, әлеуметтік топтар мен жеке тұлғаларды саяси өмірге қатысуы кеңейту және т.б.

Мемлекет басшысының жаңа мақаласы тәуелсіздіктің баға жетпес құндылық екендігін көрсетіп отыр. Тарихымызға үнілген Президент бағдарымыз бен белестерімізді, таным мен тағылымдымызды, қоғам мен құндылығымызды, ұлағатымыз бен ұстанымымызды тағы да айқындап берді. Қоғам мен мемлекет айтылған тұжырымдарды ұғынып, жүзеге асыру бойынша жұмыстарды жалғастыра түсуі қажет деп ойлаймыз.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдардың кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
«Болашақ» ғылыми-зерттеу институтының директоры

Мен ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласымен танысып, ой елегінен өткіздім. Отыз жылдағы Қазақстанның келбетін көре білдім. Оқып отырып, Отанымыздың бағдары мен белесі, таным мен тағылымы, қоғамы мен құндылығы, ұлағаты мен ұстанымын байыптап саралаған салмағы бар пікірге жолықтым.

ОРНЫҚТЫ ОРНЫМЫЗ – ОЗЫҚ ІСТЕРГЕ БАСТАМА



Тарихтан бастап қазіргі кезеңге дейін жеткен жетістігіміз аз емес. Халқымыздың бірілгі мен ынтымағы жарасқан заманын орнауына ата-бабамыздың әр жылдардағы ерлігі, елімізде болып жатқан өзгерістер, саяси шешімдер мен Елбасы жасаған игі істер бастама болғаны сөзсіз.

Педагог ретінде бұл мақаладағы «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу» деген ойға қатты мән бердім.

Күнделікті таннан кешке дейін оқушы жанынан табылу, оған қолдау көрсету, тәлім-тәрбие беру басты қызметіміз болған

соң, бізге артылған жауапкершіліктің маңызы зор екендігі көрінді. Жас ұрпақ өзін мектеп қабырғасында қалыптастырып, дамытатынын ескерсек, тәуелсіздіктің бағасын да оларға ұғандыру ұстаздар міндеті деп білемін.

Сондай-ақ, өзім қызмет ететін Назарбаев Зияткерлік мектебінде дарынды балалардың идеялары көп. Шетелдің беделді оқу орындарында оқып жатқан түлектеріміз қаншама. Президенттің жас дарындарға қолдау көрсету, шетелдегі жастардың ел игілігі үшін істер атқаруы туралы ұстанымын оқып, шәкірттеріміздің болашағына зор сеніммен қараймын. Мұның өзі көз қуантып, жанымызды жадырата түсті.

Әрбір жолдау мен мақалада білім саласы назардан тыс қалған емес. Қолдаудан да кенде емеспіз. Тәуелсіздіктің салмағын арттырып, жас ұрпақ санасына сіңіруде, еліміздің елдігін насихаттауда аянбаусымыз хак.

Азаттығымыздың ақ таңы асыл істерге бастай берсін!

Гүлзат ШЫНТАСОВА,
педагогика
ғылымдарының магистрі,
Назарбаев Зияткерлік
мектебінің педагог-
ұйымдастырушы-кураторы

БӘРІ ДЕ КЕЛЕР ҰРПАҚ ҰШІН

Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты көлемді мақаласын оқып шықтым. Иә, биыл басты құндылығымыз – Тәуелсіздігімізге 30 жыл толмақ. Сондықтан да бұл мақаланың жыл басында жарық көруі біздің осы бағыттағы барлық бастамаларымызға айқын бағыт болары анық. Өйткені, мақала мазмұнында бүгіннен бастап мән беруімізге тиіс көкейтесті дүниелер бар.

Мақала ауқымды төрт бөлімнен тұрады. «Бағдар мен белес» деп аталатын алғашқы бөлімінде тәуелсіздігіміздің мерейлі мерзімін үш онжылдық белеске бөліп қарастырады. Алғашқы онжылдықты Қазақстанның іргетасын қалау, екінші онжылдықты қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі деп атаса, үшінші онжылдықта еліміздің өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналғаны баяндалады.

Мемлекет басшысы алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу екендігін айта келіп, осы жолда заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру қажеттігіне баса назар аударады. Сонымен қатар қазіргі пандемия жағдайында түрлі қатерлермен бірге әлемде жағымсыз идеологиялық вирустар да жайылып келе жатқандығына алаңдайды. Сондықтан жаһандану кезінде әсіресе, жас ұрпақты кез келген ақпаратқа, дүрмекке бейсаналы түрде ілесіп кетпеуге шақырады.

«Таным мен тағылым» деп аталатын екінші бөлімін-

де халқымыздың тарихи санасын жаңғыртуға бағытталған ой-тұжырымдарымен бөліседі. Ұлттық мүддемізге сай келетін тарихымыз жазылатын уақыт келгендігін, ол ұрпақтың санасын оятып, ұлт жадын жаңғыртуға мүмкіндік беретінін бағамдайды.

Мақаланың «Қоғам мен құндылық» деп аталатын үшінші бөлімінде Қасым-Жомарт Кемелұлы өзінің егемендігіміздің мәңгілік ұштағанына балаған байтақ жерімізді, кастерлі тілімізді, береке-бірлігімізді көздің қарашығындай сақтауға үндейді.

Мақаланың «Ұлағат пен ұстаным» атты соңғы бөлімінде саяси жаңғыру мәселесіне кеңінен тоқтала келіп, елімізде адамның құқығын сақтауға негізделген заң мен тәртіп болу керектігін баса айтады. «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу», – дейді.

Ол үшін ХХІ ғасыр – білім мен біліктің дәуірі екендігін, әр адам өзін үздіксіз жетіл-



діріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алатынына ерекше мән береді. «Жастар – қашанда тың идеялардың қайнар көзі, оң өзгерістердің қозғаушы күші», – деп өскелең ұрпаққа сенім артады.

Сондықтан да Тәуелсіздік жылдарында дүниеге келіп, әлі танылып үлгермеген талантты жастарды қолдау мақсатында «Тәуелсіздік ұрпақтары» атты грант тағайындауды, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат!» деген қасиетті сөзді мәңгі ұранға айналдыруды ұсынады.

Біз де өз кезегімізде Мемлекет басшысының маңызды мақаласын жас ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі алдағы жұмыстарымызға жаңаша тың серпін береді деп ойлаймыз.

Жасгүл ТОҒАНОВА,
М.Маметова атындағы
Қызылорда педагогикалық
жоғары колледжінің
директоры

ҰЛЫҚ ҰЛЫС – БІЗДІҢ ҰЛЫС

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлытау-2019» форумында Алтын Орданың (Ұлық Ұлыс) 750 жылдығын және Жошы ханның есімін ұлықтау керектігін айтқан болатын. Бұлай айтуының астарында елімізді туристік мемлекетке айналдыру идеясы жатқаны анық. Екінші жағы, Еуразия құрлығындағы ірі империялық ел – Ұлық Ұлыстың заңды мұрагері екенімізді айқындау жатыр. Үшінші жағы – бұрмаланған тарихымызды қайта қарап, Ұлы Даладағы тарихи шындықты жаңғырту.

Әлемнің билеушісі Шыңғысхан қайтыс болар алдында өз иелігіндегі жерлерді төрт ұлына бөліп берді. Тұңғышы Жошының еншісіне шығысы Ертіс өзенінен батысы Еуропаға дейінгі Шығыс Дешті Қыпшақ жері, Арал, Сырдарияның төменгі ағысы мен Жетісудың солтүстік-шығысы тиген болатын. Көзі тірісінде Жошы өз ұлысын тәуелсіз ел етуге ұмтылды. Алайда, бұл тарихи оқиға 1269 жылы болды, яғни, Талас өзені бойында Жошы, Шағатай, Үгедей әулетінен тараған ханзада, нояндар жиналып, құрылтай өткізген. Нәтижесінде Ұлы Моңғол империясы бөлініп, ұлыстар еніп алып, шекараларын белгіледі. Жошы мен Бату дербестікке ұмтылған Алтын Орда мемлекеті Мөңке Темірдің бастауымен тәуелсіздігін заңды түрде алды.

Сол заманда Алтын Орда Жошы

Ұлысы немесе Ұлық Ұлыс, Дешті Қыпшақ Ұлысы деп түрлі атаумен аталды. Кеңес үкіметі осындай түпнұсқаларды жойып, Алтын Орда деген бұрмаланған, жасанды атауды ғылыми айналымға ендіріп, Орыс тілінде Золотая Орда, яғни Бату ханның Еділ өзенінің жағасында өзінше болашақ астанасының орнын белгілеу үшін алтын түсті үйлерден тіккізген қаласының атынан шыққан болатын.

Алтын Орданың мұрагерлеріміз деп санайтын көптеген халықтар бар. Ұлық Ұлыс – қазақ елінің бастауы, яғни, Жошы Ұлысының территориясы Қазақ хандығын қамтиды. Талас құрылтайы біздің территориямызда өткен. Алтын Орданың ірі орталығы – Сарайшық еліміздің аумағында. Ұлық ұлысты құраған қазақ тайпалары. Жошы Ұлытауда жерленген. Қайтыс болғаннан



кейін онда әсем кесене бой көтерді. Кесене маңында Жошы ордасы деген жер бар.

1946 жылы академик Әлкей Марғұлан кесенеге алғаш рет археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, екі қабір анықталды. Кесене ішіндегі бірінші қабірден темір шегемен бекітілген ағаш табыттың қалдықтары табылды. Қазбаны жалғастыра түскенде үстіңгі жас сүйегі жоқ адамның бас сүйегі шықты. Жинастырғанда бір қолдың сүйектері жетіспейтіндігі анықталды. Қабірге орта жастағы ер адам жерленген екен. Тағы жабайы жануар сүйектері, түйенің бас сүйегі, былғарының бөлшегі, мата және ту табылды. Ғалым, әсіресе, қабірге жабайы жануар сүйегінің қойылуына аса

мән бере отырып, «бұл факт Жошының ая аулап жүргенде жабайы құлан теуіп өлтірді деген тарихи деректерді қуаттайды» дейді. Ә.Марғұлан қабірден табылған археологиялық артефактілерді, аңыз-әңгімелер мен жазба деректердегі мәліметтерді салыстыра келе, бұл кесенедегі қабірлер Жошы хан мен оның әйелдерінің біріне тиесілі деген шешімге келді.

Демек, Ел Президентінің форумыда Ұлытауда өткізуінің саяси, тарихи мәні бар. Осыдан кейін оның толыққанды мұрасқоры – Қазақ елі екендігіне еш күман жоқ. Мұны әлем ғалымдары да мойындаған. Бұл шешімнің екі тарихи стратегиялық мәні бар. Біріншіден, елімізге осы ұлы империяның мұрагері болуымыз экономикалық тұрғыдан пайда әкелсе, екіншіден, қазақ елін тамыры терең тарихы арқылы әлемге әйгілей түседі.

Адамзат тарихында оннан аса империя өмір сүрген. Ұлытау форумында айтылған сөздер мен тұшымды ойлар бұл жерде империя болғанын нақтылай түсті.

Қуандық ЕСЕНБЕКОВ,
№110 мектеп-лицей мұғалімі,
тарих магистрі

1991 жылы Қазақстан Тәуелсіздігін жариялады. Бұл ең бір сындарлы сәт еді. Дегенмен сол ауыр жылдардың өзінде Нұрсұлтан Назарбаев батыл қадамдарға барды. Бір жылға жетер-жетпес уақыттың ішінде Қазақстанды әлемнің жүзден астам елі таныды. Бірқатар беделді халықаралық ұйымдарға, оның ішінде БҰҰ, Халықаралық валюта қорына мүше болып қабылданды.

Сб Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

ҚАСТЕРЛЕЙТІН БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ



Жаңадан Елтанба, Ту, Әнуран белгіленді. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Елді мекендердің тарихи атаулары ардақталып, мерейтойлар өткізіле бастады. Ең бастысы – та-тулығы жарасқан көпұлтты халқымыз бар, ел дегенде, жер дегенде білесі сыбанып, дайын тұрған атпал азаматтарымыз бар, әдемі де сазды салт-дәстүрлерін, тілін, ділі мен дінін саф алтындай сактай білген ұлтымыз бар еді. Міне, осындай өркенді өзгерістер мен жадиратар жаңалықтар тасқыны кезінде Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы өтті. Сол күндері өзін казакпын деп сезінетін әр адам Алматыға көз тікті. Өйткені мұнда дүниежүзінің түкпір-түкпірінен келген ісі казак тұнғыш рет бас қосты.

Республика Президенті Құрылтайға қатысушыларды шын жүректен құттықтады. Ақ жаулықты әзіз апаларымыз «Туған жерге кош келдіңіздер!» деп атамекенін аңсап келген қандастарымызға шашу шашты.

Дәйекті саясат одан әрі пайымды шешімдерге ұлас-ты. Қазақстан жаңа астана-сын белгіледі. Еліміз дүни-ежүзілік қауымдастықтың бежді мүшесіне айналды. Біз бүгінде мына нәрсені айқын түсінуіміз керек. Қалай ай-тқанда да, тәуелсіздік – ка-зактың басты құндылығына айналды. Қазақ елі үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша болып санала-ты сондықтан. Себебі азат ел болудың аркасында казактың тарихы түгенделіп, тілі, діні және ділі қайта жаңғырды. Мемлекеттің ұлттық рөміз-дері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрі жанданды.

Бірақ бүгінгі әлем тым күрделі сипатымен ерекше-ленеді. Сондықтан жаһан-дану үдерісі кезінде тұғы-ры мықты, керегесі берік, шаңырағы биік елдердің ғана еңсесі жоғары болады. Тәуелсіздікке кол жеткізгені-не 29 жыл толған Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін дүрбелені көп дүниеде өз бағыт-бағдарын жоғалтпау оңайға соқпайды. Бұл туралы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың әрдайым атап көрсетіп жүр-генін оқырмандар есіне тағы салғымыз келеді.

Шын мәніне келсек, Тәуелсіздік – казак халқының, Қазақстан халқының басына біткен бақ. Бұл – еш уақыт-та маңызы жоғалмайтын, ғасырлардан ғасырларға ұла-сатын үлкен құндылық. Қа-зак халқының ұзақ тарихи кеңістікте өмір сүруі, этнос ретінде, ұлт ретінде сақталуы тәуелсіздікке тікелей байла-нысты және ол ұлтымыздың келешегін қамтамасыз ететін құбылыс. Тарихшылардың пайымдауынша егер респуб-лика Кеңес Одағының ката-рында тұра берген немесе басқаша бір тарихи баламалы

үрдістер болған жағдайда ка-зак халқы этнос ретінде тілін, мәдениетін, ұлттық келбетін, ділін, дәстүрін сақтауы мүм-кін емес еді. Ол келешекте казакты тарих аренасынан кетіруі ықтимал-тұғын. Тәуелсіздік біздің еркін өмір сүруімізге жағдай тұғызып, тарихи мүмкіндік берді. Де-мек, казак халқы әлемнің өзге ұлттарымен бірге ұзақ тарихи кеңістікте жарыса өмір сүру сыйына ие болды. Біз енді өзге халықтармен бәсекеге түсе алдық. Бұл – тәуелсіздік-тің ерекше мәні. Біз қазір басқа ұлттармен тереземіз тең болып отырған жайымыз бар.

Тәуелсіздікке жетудің жолы қашанда оңай болған емес. Айталық, кеңестік репрес-сия негізінен казак интел-лигенциясына бағытталды. Империя алдымен зиялы қауымды жаныштады. Жұ-мыстан шығарды, соттады. Екіншіден, сол кезде интел-лигенцияның басым бөлігі коммунистер болды. 1930 жылға дейін Қазақстанда жоғары оқу орындары мен техникум бітірген 75 мың ка-зак интеллигенциясы болған. Оның 74 мыңы қуғын-сүргін-ге ұшырап, 70 мыңы атылды. Сол себепті олардың бойына сіңіп қалған үрей мен қорқы-ныш сақталып қалды.

Қоғам қайраткері, ақын Мұхтар Шахановтың жан-кирляқ еңбегі арқасында Желтоқсанға оқиға емес кө-теріліс деген баға берілді. Ол билік деңгейінде мойындал-мас да интеллигенция қазір Желтоқсанды көтеріліс дейді. Тоталитарлық жүйеге қарсы шыққан көтерілісте бірнеше адам көз жұмып, ресми түрде 1200 адам сотталды.

Әлемнің озық елдері ли-дерлері, Біріккен Ұлттар ұй-ымының 2021 жылға қатысты болжамдары алаңдатарлық деректерді алға тартып отыр. Коронавирус дертінің сал-дарынан әлемнің бірқатар елдерінде аштық болатынын айтаду. Бұл соғыстан да қау-іпті.

Иә, бүгінгі уақыт күр-делі. Посткеңестік дәуірде Тәуелсіздік алған елдердің барлығы аяғынан тік тұрып кеткен жоқ. Украинада, Бе-ларусьта, Молдовада, Балтық жағалауы елдерінде жағдай әлі күрделі. Олардың ката-рында ыдырау қаупі туған елдер де бар. Қазақстан Пре-зиденті Қасым-Жомарт Тока-ев саяси биліктің сабақта-стығын жалғастыра отырып, елдің өсіп-өркендеуіне бағыт-талған жаңа реформаларды жүзеге асыра бастады. Жұы-рда ғана әлемдегі күрделі ахуалға қарамастан, елімізде коронавирис дертінен болған дағдарыстан шығудың жеже жоспарлары қабылданды.

Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты. Ең бастысы, еліміз әлемдік қауымда-стықтың белді мүшесі ата-нды. Бұл – біздің қастерлейтін басты құндылығымыз.

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**

«05» қаңтар 2021 ж.

№ 1

Қызылорда қаласы

Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 104-бабының 2-тармақшына және Қызылорда облысының прокуратурасының 29.12.2020ж. №2-10-20-1-1953 Наразылығына сәйкес Қызылорда облысы халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Барлық деңгейдегі әкімдіктерге, аумақтық мемлекеттік органдарға, «Атамекен» өңірлік көсперлер палатасына, «КТЖ-Жүк тасымалы» акционерлік қоғамы филиалының «ТП Қызылордалық бөлімшесіне», құқық қорғау мен арнайы органдарға тыйым салуды жалғастыруды;

1) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексінің 110-бабының 5-тармағына сәйкес қалыңды пайдалануға;

2) ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде және адамдар көп жиналатын өзге де іс-шараларды өткізуге;

3) ойын-сауық мекемелерінің (жабық үй-жайлардағы балалар ойын алаңдары мен аттракциондары, бағуаттар және басқалар), бұмкерлік кеңесердің қызметіне;

4) кезекші топтарды қоспағанда, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметіне;

5) балаларды сауықтыру лагерлерінің қызметіне;

6) спортшылардың Қазақстан Республикасының тыс жерлерде оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға қатысуы үшін шығуына;

2. Қазақстан Республикасының және облыстың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы Қаулы талаптарына сәйкес, күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режиммен жалғастырылсын.

1) қала маңындағы жолаушылар поездарының қозғалысы;

2) жұмыс поездарын қоспағанда, жолаушылар

поездарының құрамында ортақ вагондарды жасақтауды бойдырмауды қамтамасыз етсін;

3) ашық ауада жеке және топтық жаттығулар (топта 5 адамнан асырмай);

4) Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығулар (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру);

5) жеке автокөліктің өңірлер арасында жүруі;

6) қоғамдық көлікке, таксиге, әуежайларға, ауадағы балалар алаңдарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізуге;

7) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес уақыты мен саны бойынша шектей отырып, қаржы нарығы субъектілерінің қызметі;

8) 5 адамнан аспайтын жеке және топтық жаттығулар үшін спорт кешендерінің қызметі;

9) маска режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдасқан топтар үшін ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парктарге, қорықтарға, резерваттарға және басқаларға) бару;

10) осы Қаулыға 3-қосымшаға сәйкес алгоритмді сақтай отырып, кеңестерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізу (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған кезде);

11) облыстағы эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» және «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық білім беру және сауықтыру орталығы» РМҚК қызметі;

12) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметі;

13) көрермендердің қатысуынсыз, бір мезгілде 100

адамнан асырмай жинақтай отырып, ҚР БМСД №67 қаулысының талаптарын және тиісті аумақтардың бас санитариялық дәрігерлерінің келісімі бойынша күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтаған жағдайда Қазақстан Республикасының чемпионаттары және республикалық жарыстарды (бірыңғай республикалық күнтізбе бойынша) өткізуге;

14) бір мезгілде 30 адамнан асырмай жинақтай отырып, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, облыстық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын өткізуге;

15) жинау пункттерінде желде ескерте шақырылатын адамдарды және әскери бөлімге келгеннен кейін жас әскерді, сонымен қатар оларды сүйемелдеуші әскери бөлімнің өкілдерін ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерулерді жүргізуге;

16) кесіп қажеттілікке байланысты Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті және аумақтық басқармаларының, «ҰСО» облыстық филиалдың, аудандық бөлімшелердің мамандарын ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерулерді жүргізуге;

3. Қамтамасыз етсін:

1) 2020-2021 оқу жылының үшінші тоқсанынан бастап;

- контингенті 300 оқушыға дейін қалалық және ауылдық мектептерде сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейін дәстүрлі форматта оқытуды;

- сыныптарды 15 бааладан асырмай жинақтауды сақтай отырып, ата-аналардың өтініші бойынша жалпы білім беретін мектептерде 1-ден 5 сыныпқа дейін қоса алғанда, халықаралық мектептерде 7 сыныпқа дейін қоса алғанда кезекші сыныптарда оқытуды;

- оқу бітірген сыныптар (9, 11 (12) сыныптар) үшін аптаның 6 күні ішінде аралас оқытуға топтардың 70%-ын штаттық режимде, 30%-ын қашықтықтан оқытуға (сыныпта 15 адамнан артық емес, әлеуметтік қашықтықты сақтау, 1 сынып – 1 кабинет қағидаты бойынша оқыту, бір уақытта мектепте жобалық қуаттың 30%-ынан аспайтын

адамның болуы, санитариялық-дезинфекциялық режимді, маска режимін күшейту);

- білім беру мекемесі әкімшілігінің шешімі бойынша сабақтан тыс уақытта 5 адамнан аспайтын топтарда оқушыларды жеке оқытулды;

2) екінші семестрден бастап колледждер мен жоғары оқу орындарының 1 курс студенттері үшін штаттық оқытулды;

4. Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктері, Қызылорда облысының полиция департаменті, барлық аудандық, Қызылорда қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармалары;

1) қызметіне рұқсат етілген объектілерде карантиндік шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимін сақталуын бақылауды қамтамасыз етсін. Бұзушылықтар анықталған жағдайда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік шаралар қолданысын;

2) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Экономикалық өсуді қалпына келтіру жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысының 2020 жылғы 30 шілдедегі №6 хаттамасының 2.6-тармағын басшылыққа ала отырып, осы Қаулының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес қызметі шектелмеген объектілерді қоса алғанда, объектілердің қызметін қайта бастауды қамтамасыз етсін;

3) осы Қаулыға 4-қосымшаға сәйкес өлшем-шарттар негізінде әлеуметтік-экономикалық объектілердің қызметін шектеуді қамтамасыз етсін. Бұл ретте күшейтілген карантиндік шаралар қабылданғаннан кейін кемінде 14 күн сақталады. Карантиндік шараларды жеңілдету сары немесе жасыл аймаққа көшкеннен кейін 2 аптадан ерте жүргізілмейді.

5. Мемішқ нысанна қарамастан жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулыларымен бекітілген санитариялық-эпидемиологиялық және санитариялық-дезинфекциялық ережемен, Алгоритммен қойылатын

талаптарды сақтасын.

6. Қала, аудандардың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері аумақта қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантиндік шараларды күшейту туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» 2020 жылғы 31 қазандағы №25; Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 11 қараша 2020 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №26; Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 24 қараша 2020 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №25 Қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №27; Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 8 желтоқсан 2020 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №25 Қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №27; Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 8 желтоқсан 2020 жылғы «Қызылорда облысы бойынша шектеу, оның ішінде карантиндік шаралары туралы» №25 Қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №29 Қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

8. Осы Қаулы 1, 2, 3 және 4-қосымшалармен толықтырылсын.

9. Осы Қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

10. Осы Қаулы 2021 жылдың «06» қаңтар 00 сағат 00 минуттан бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері
Д.Жанабергенова

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «05» қаңтардағы №1 Қаулысына 1-қосымша			
Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің қызметін қайта бастау			
Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектінің іске қосу сипаты	Ескертпе
Мемлекеттік органдар (ұйымдар), ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектор ұйымдары, бизнес-орталықтары және басқа да кенеселер	Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы №67 қаулысына (бұдан әрі – №67 БМСДК) 1-қосымша	Хабарлама	
Өнімнің бөлшек сауда объектілері, үй жанындағы дүкендер	№67 БМСДК 5-қосымша	Хабарлама	
Тамақ өнімдерін көтерме және бөлшектеп сату объектілері (азық-түлік базарлары), азық-түлік қоймалары	№67 БМСДК 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Көтерме және бөлшек сауда объектілері (азық-түлік емес қоймалары), азық-түлік емес қоймалары	№67 БМСДК 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Сауда алаңы 2000 шаршы метрден кем болатын бөлек тұрған дүкендер, сауда желілері	№67 БМСДК 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Сауда алаңы 2000 ш.м астам болатын бөлек тұрған дүкендер, сауда желілері	№67 БМСДК 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Сауда алаңы 2000 ш.м астам сауда ойын-сауық кешендері (орталықтары), сауда үйлері	№67 БМСДК 1 және 5-қосымшалар	Хабарлама	
Автосалондар, автомобильдің қосалқы бөлшектері дүкендері және техникалық қызмет көрсету станциялары (вулканизация, автожүк, шиномонтаж)	№67 БМСДК 6-қосымша	Хабарлама	
Қызмет көрсету саласы объектілері (сұлулық салондары, шаштараздар, косметологиялық қызмет көрсететін объектілер (алдын ала жазылу бойынша), химиялық тазалау, кір жуу орындары, ұйымдастыру техникасын жөндеу)	№67 БМСДК 7-қосымша	Хабарлама	
Фитнес қызметін көрсету бойынша объектілер, спорт кешендері	№67 БМСДК 8-қосымша	Хабарлама	
Халыққа қызмет көрсету (типотрафикалық қызмет көрсететін объектілер, тігін ателесі, аяқ киім шеберханалары, аяқ киім, киім жөндеу сервисі) бойынша объектілер және өзге де объектілер	№67 БМСДК 10-қосымша	Хабарлама	
Халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы объектілер (қонақүйлер, отелдер)	№67 қаулыға 11-қосымша	Хабарлама	
Өзежайлардың және теміржол вокзалдары, автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері	№67 БМСДК 12-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Маусымдық ауыл шаруашылығы дала жұмыстарына, табиғат қорғау, ветеринариялық, ауыл шаруашылығы оның ішінде ара шаруашылығы іс-шараларына тартылған ұйымдар мен қызметкерлердің қызметі	№67 БМСДК 13-қосымша	Хабарлама	
Мектепке дейінгі балалар ұйымдары	№67 БМСДК 14-қосымша	Хабарлама	
Қызметі рұқсат етілген білім беру объектілері	ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 10-тармағы	Хабарлама	
Қоғамдық көлік	№67 БМСДК 15-қосымша	Хабарлама	
СПА, массаж салондардың, моншалардың, сауналардың қызметі	№67 БМСДК 16-қосымша	Хабарлама	
Санаторий-курорттық мақсаттағы объектілер, демалыс үйлері, туристік базалар	№67 БМСДК 17-қосымша	Хабарлама	
балаларды сауықтыру лагерлері	№67 БМСДК 18-қосымша	Хабарлама	
Білім беру, түзету орталықтарының қызметі	№67 БМСДК 19-қосымша	Хабарлама	

Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектінің іске қосу сипаты	Ескертпе
Тамақ өнеркәсібі объектілері	№67 БМСДК 25-қосымша	Хабарлама	
Қоғамдық тамақтану объектілері (білім беру объектілеріндегі тамақтануға қоспағанда)	№67 БМСДК 21-қосымша	Хабарлама	
Ұйымдастырылған ұжымдардағы, ас блоктарындағы қоғамдық тамақтану объектілері (білім беру және тәрбиелеу ұйымдарындағы қоғамдық тамақтану объектілерін қоспағанда)	№67 БМСДК 21-қосымша	Хабарлама	
Тамақ жеткізуді жүзеге асыратын қоғамдық тамақтану объектілері	№67 БМСДК 22-қосымша	Хабарлама	
Пенитенциарлық (қылмыстық атқару) жүйелігі мекемелері	№67 БМСДК 24-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өндірістік объектілер, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы объектілер	№67 БМСДК 25-қосымша	Хабарлама	
Медициналық-әлеуметтік объектілер (карттар, мүгедектер үйлері, сәбилер үйлері және басқалары)	№67 БМСДК 26-қосымша	Хабарлама	
Өнеркәсіптік және индустриялық кәсіпорындар құрылыс компаниялары (құрылыс салушылар)	№67 БМСДК 28-қосымша	Хабарлама	
Денсаулық сақтау объектілері (стоматологиялық клиникаларды қоспағанда)	№67 БМСДК 2, 4 және 34-қосымшалар	Хабарлама	
Стоматологиялық клиникалар	№67 БМСДК 29-қосымша	Хабарлама	
Экспертиза қызметі жүзеге асыратын объектілердің кеңселері (туристердің ұйымдастырылған топтары үшін экскурсиялар ұйымдастыру)	№67 БМСДК 31-қосымша	Хабарлама	
Зертханалар	№67 БМСДК 30 және 33-қосымша	Хабарлама	
Ашық ауадағы аттракциондар	№67 БМСДК 9-қосымша	Хабарлама	
Қаржы нарығы объектілері	№67 БМСДК 1-қосымша	Хабарлама	
Мәдениет объектілері (30 адамға дейін жеке және топтық дайындықтар), кинотеатрлар, музейлер, кинотеатрлар, театрлар	№67 БМСДК 9-қосымша	Хабарлама	
Дини объектілер	№67 БМСДК 20-қосымша	Хабарлама	
Бассейндер (1 адамға су айдынының 5 ш.м. есептегенде)	№67 БМСДК 16-қосымша	Хабарлама	
Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (мемлекеттік ұлттық табиғи парктар, қорықтар, резерваттар және басқалар)	№67 БМСДК 38-қосымша	Хабарлама	
Боулинг, бильярд	№67 БМСДК 39-қосымша	Хабарлама	
Компьютерлік клубтар	№67 БМСДК 39-қосымша	Хабарлама	
Ойын-сауық орталықтары	№67 БМСДК 5, 45-қосымшалар	Хабарлама	

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «05» қаңтардағы №1 Қаулысына 2-қосымша

2020 жылғы «__» _____ объектінің дайындағын бағалау акті

Біз, мониторинг тобы құрамында:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

(мамандардың Т. А. Ә. және лауазымын көрсету)

2020 жылғы «__» _____ 2020 Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысының талаптарына, сондай-ақ

_____ талаптарына сәйкестігіне объектінің _____ аумағында карантин кезеңінде қызметті жүзеге асыруға дайындығына бағалау жүргізді.

Мыналар анықталды: Объекті карантин кезеңінде қызметті қайта бастауға дайын (дайын емес) (қажеттісінің астын сызу):

Анықталған бұзушылықтар

Қол қою:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

Infokazakhstan.kz сайтында орналастырылған COVID-19 бойынша шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектінің

қызметіне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен таныстым және орындауға міндеттенім

(басшының Т. А. Ә. және қолы)

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «05» қаңтардағы №1 Қаулысына 3-қосымша

Кенесстерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізу алгоритмі

Кенесстерді (отырыстарды) көзбе-көз режимде өткізу кезінде COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында мынадай шаралардың сақталуын қамтамасыз ету қажет:

1. Үй-жайларда ауаны желдету/ауа баптау жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі.

2. Ғимаратқа кіреберісте барлық кіретін адамдарға байланыссыз термометрия жүргізу, холлдарда антисептикалық құралы бар санитайзерлер орнату және кенесстерге (отырыстарға) қатысушылардың қолды антисептикалық құралдармен оңтүзін бақылау.

3. Кенесстерге (отырыстарға) қатысушыларды залда әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып отырғызу.

4. Көзбе-көз кенесстерге (отырыстарға) қатысушыларға қойылатын талаптар:

1) кеңеске (отырысқа) дейін кемінде 3 тәулік бұрын алынған КВИ-ға ПТР әдісімен тестіленуді теріс нәтижесінен болуы;

2) отырыс (кеңес) өткізілетін үй-жайда болған барлық кезең ішінде респираторлық үлгідегі медициналық масканы пайдалану;

3) әлеуметтік қашықтықты сақтау;

4) қол алуында немесе тікелей байланыстың басқа да нысандарын болдырмау.

5. Сөз сөйлеу ұзақтығы 30 минуттан артық болғанда және қатысушылардың бірінші қатарынан кемінде 3 метр қашықтықта болғанда спикерлерге қорғау құралдарын пайдаланбай сөйлеуге жол берілді.

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы «05» қаңтардағы №1 Қаулысына 4-қосымша

Әлеуметтік-экономикалық объектілердің жұмысын шектеу өлшемшарттары

№	Объектілер/салалар	Қызыл аймақ	Сары аймақ	Жасыл аймақ
1	Өнеркәсіп	+	+	+
2	Құрылыс (тұрмыстық үй-жайларда байланыс болмаған жағдайда)	+	+	+
3	Ауыл және балық шаруашылығы, мал шаруашылығы	+	+	+
4	Әуе қатынасы	рейстер санын қысқарту	+	+
5	Байланыссыз қызметтер (автожүк, автомобильдерді, тұрмыстық техниканы, сағаттарды, телефондарды, компьютерлерді, аяқ киімді жөндеу, тігін ательесі, кір жуу, химиялық тазалау, килтерді жасау, тұрмыстық үй қағидаты бойынша көрсетілетін қызметтер және т. б.)	+	+	+
